

**Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің  
«Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық  
жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері туралы ереже**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Ереже Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында (бұдан әрі – ҚР ҰЯО РМК) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелердің және адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды.

3. Ереже ҚР ҰЯО РМК ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізіледі.

4. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

б) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу

жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

5. ҚР ҰЯО РМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты адам – сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер айқындалады, оның негізгі міндеті ҚР ҰЯО РМК мен оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып саналады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын жауапты адамды ҚР ҰЯО РМК бас директоры айқындайды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер өз өкілеттіктерін тәуелсіз жүзеге асырады, ҚР ҰЯО РМК бас директорына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерге әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің функциясын ҚР ҰЯО РМК-ның басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен қоса атқаруға жол берілмейді.

10. Егер Заңмен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді ҚР ҰЯО РМК бас директоры бекітеді.

## **2-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері**

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің негізгі мақсаты – ҚР ҰЯО РМК мен оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің міндеттері:

1) ҚР ҰЯО РМК мен оның жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) ҚР ҰЯО РМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) ҚР ҰЯО РМК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

13. ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер жұмысының ақпараттық ашықтығы;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің тәуелсіздігі;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың біліктілігін үнемі арттыру.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің функциялары:

1) келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:

- ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының ішкі саясаты;

- ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;

- ҚР ҰЯО РМК-да мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

- ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

- корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;

2) ҚР ҰЯО РМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14441 болып тіркелген) сәйкес ҚР ҰЯО РМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және ҚР ҰЯО РМК бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін ҚР ҰЯО РМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

5) ҚР ҰЯО РМК-да анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторинг жүргізеді;

6) ҚР ҰЯО РМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

7) ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

8) ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

9) ҚР ҰЯО РМК ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

11) ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

12) мүдделер қақтығысын, оның ішінде ҚР ҰЯО РМК-ның жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процесс мәселелеріндегі қақтығысты анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

13) ҚР ҰЯО РМК-да сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) ҚР ҰЯО РМК-дағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

16) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістерге, ҚР ҰЯО РМК-дағы сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасында мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне баға береді;

18) ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпаратын тыңдайды;

19) ҚР ҰЯО РМК бас директорына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, ҚР ҰЯО РМК қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

20) егер мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соқпайтын болса комплаенс, іскерлік әдеп, орнықты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

15. ҚР ҰЯО РМК бас директоры сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерді тағайындайды және оның өкілеттік мерзімін, сыйақы мөлшерін және еңбекке ақы төлеу шарттарын айқындайды.

16. Қажет болған жағдайда ҚР ҰЯО РМК бас директорының шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құрылып, жұмыскерлерінің құрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және еңбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі Ереже негізінде әзірленетін лауазымдық нұсқаулықпен айқындалады және оны ҚР ҰЯО РМК бас директоры бекітеді.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің атынан оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚР ҰЯО РМК-ның басқа құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдарға) жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер қол қояды.

20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы қажет.

21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер өз қызметі шеңберінде:

1) ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтындарды сұратады және алады;

2) ҚР ҰЯО РМК бас директорына өз құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастама жасайды;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзу туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексеру жүргізеді;

4) ҚР ҰЯО РМК басшылары мен басқа да жұмыскерлерінен қызметтік тексеру/тергеу шеңберінде жазбаша түсініктеме сұрауға;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлерінің ҚР ҰЯО РМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі

туралы хабарлауы не кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізуі үшін ақпараттандыру арналарын құрады.

22. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер:

1) ҚР ҰЯО РМК және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялылығын сақтайды;

2) ҚР ҰЯО РМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) ҚР ҰЯО РМК бас директорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

5) ҚР ҰЯО РМК-ның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерге:

1) алдыңғы үш жыл ішінде ол қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген қызметке қатысуға;

3) құпия ақпаратты жеке мүддеге пайдалануға;

4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;

5) нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдауға және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

6) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.

24. ҚР ҰЯО РМК басшылығы:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жағдай жасауы, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттемелерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуі, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті деректер базасына қол жеткізуді) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмысы, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен біліктілік мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

25. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы өзара сыпайылық пен әдептілік негізінде құрылады.

26. ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдардың) жұмыскерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерге:

1) осы Ереженің 13-тармағының 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындайтын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу арқылы жәрдемдеседі.

### **3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің есептілігі**

27. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер ҚР ҰЯО РМК-да қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға және жетекшілік ететін бейіндік министрлікке жібереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша ҚР ҰЯО РМК-да қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жібереді.

28. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер ҚР ҰЯО РМК бас директорына және жетекшілік ететін бейіндік министрлікке мерзімді түрде есеп береді.

ҚР ҰЯО РМК басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындаған жағдайда Заңының 24-бабы 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгіне алады.